

## «Ел бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін»

### Эссе

Қостанайдың киелі топырағында дүниеге «Қазағым» деп келген тұлғалардың бірегейі - Ахмет Байтұрсынұлы десем сірә, шатаспаймын. Бұлайша ой толғауыма оның өнегелі өмірі дәлел болады. Өмірге халқым деп келіп, халық мүддесі үшін маңдай терін төкті. Өзін туғызған халқы үшін шыбын жанын аямағаны баршаға мәлім. Ахмет Байтұрсынұлы қаламгер, ғалым, қайраткер.

Қайраткер ретінде де, ғалым-ұстаз ретінде де А.Байтұрсынұлы ұлтты тұтастырудағы, оның өмір сүруіндегі, рухани дүниесіндегі тілдің маңызы мен орнын ерекше бағалады. «Қазақ» газетіндегі мақалаларында ол үнемі тілді сақтау, дамыту мәселелерін көтеріп отырды. Тіл ұлттың жан дүниесі, сонымен бірге халықтың саяси-әлеуметтік өміріндегі пәрменді құрал ретінде оған айрықша мән берді. Ол тілдің ұлтты сақтаушылық, тұтастырушылық қасиеті мен маңызын терең түсінді. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы тіл екенін білді.

Оның бұл саладағы үлкен ізденістерінің басы «Оқу құралы» болды. Бұл 1912-25 жылдар аралығында жеті рет басылған құрал, бұдан соң жарық көрген «Тіл құралдары» – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс еді. Олар 14-15 жыл бойы қазақ балаларының бірнеше буынын тәрбиелеген, ана тілінің табиғатын танытқан қазақ тіліндегі басты кітаптар болды. Ахмет Байтұрсынұлының бұл кітаптарында тіліміздің бұған дейін зерттелінбеген, жүйеленбеген табиғатын ашып, оның фонетикалық, грамматикалық, стилистикалық жүйесі мен құрылымы дәйектелді. Тіліміздің дыбыстық жүйесін, лексикалық байлығын, сөз таптары мен сөз тұлғаларын, сөз қолдану мен сөйлем құраудың ерекшеліктерін танытқан көшбасшы ғалымның бұл еңбектері ана тіліміздің барлық негізгі заңдылықтарын қалыптастырды. «Тіл жұмсар», «Баяншы», «Әліп-би астары» кітаптары және мақалалары осы бағыттағы арналы ізденістері, ұстаздың ертеңі үшін еткен еңбегі еді. «Әдебиет танытқыш» еңбегі қазақ әдебиетінің алғашқы «әліп – билері» рөлін атқарды. Бұл еңбегінің бағалылығы әдеби терминдерді қазақша қалыптастырып берді. Ұлттық тіл біліміндегі, жалпы қазақ мәдениетіндегі өлшеусіз еңбегі – араб әріптерін негіз ете отырып, қазақтың жаңа әліпбиін өмірге келтіруі болатын. Халқымыздың рухани өмірінің бүтіндеушісі, түгендеушісі болған Ахаң қазақ баласының білім, ғылымды игеруінің алғышарты – төл әліпби қажет екендігін терең түйсініп, қазақ сөзін дәл бере алатын осы әліпбиін жасап шығарды. Бұл әліпби 1929 жылға дейін қолданылып, сол тұстағы тұтас буынның сауатын ашты. Ахаң әліпбиімен «Қазақ» газеті бастаған басылымдарымыз дүниеге келді. Жүсіпбек, Мағжан,

Сұлтанмахмұт, Бейімбет, Сәкен, Ілияс, Мұхтар, Сәбит, Ғабит бастаған қаншама қаламгерлердің шығармалары Ахаң әліпбиінде жазылды.

1920 жылдардың ортасында әліпби, жазу, емле мәселелеріне байланысты жиындарда, айтыс-тартыстарда Ахаң өз әліпбиінің оңтайлы екендігін сан дәлелдеді.

Осындай ертеңі үшін атқарған жанқиярлық еңбектің нарқын біліп, жастардың кәделеріне толыққанды арзытып жатпауы көңілге қаяу түсіреді. Бұл күндері кітап оқымау белең алуда. Ұрпақ кітап оқымаса Ахметтің ертеңі үшін жасаған еңбегін қайдан білсін?

Өзгелерін айтпағанда, жоғарыда аталған еңбектерінің өзі Ахметтің ертеңшіл екендігін дәлелдейді. Өзі жей алмайтын білсе де жеміс еккен дана қазағымыз балам, немерем жейді деген екен. Өз халқының болмысын бойына сіңірген Ахмет те ертеңі яғни ұрпағы үшін бай мұра қалдырды. Оның ойынан шыққан сөз, қаламынан туған еңбек қазақ баласының бүгiнiне де, ертеңiне де рухани жолбасшы болып келедi. Шығыс халықтарында мынадай бiр аталы сөз бар екен .

" Бір жылыңды ойласаң күріш ек .

Он жылыңды ойласаң ағаш ек .

Болашағыңды ойласаң ұрпақ тәрбиеле " .

Осы нақыл Ахметтің бар болмысын ашатындай. Тәрбиелей отырып білім нәрімен сусындату – ұрпағымыздың ертеңінің кепілі. Көреген Ахмет Байтұрсынұлы секілді әр қазаққа ертеңіңді ойла дегім келеді.

Сергетаева Роза Касымбековна

Түлкібас ауданы Жаскешу ауылы С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектеп